

1. ЖАРЫСТЫҢ МАҚСАТТАРЫ

1.1. «Алматы марафоны» Virtual Run келесі мақсатпен өткізіледі:

- жүгіру қозғалысын насихаттау және дамыту;
- зиянды әдеттерден (темекі шегуден) бас тарту;
- дені сау ұлт қалыптастыру.

2. ЖАРЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЕТУШІ ҰЙЫМДАР

2.1. Жалпы басшылықты «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

2.2. Жарысты дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмысы «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – «Ұйымдастыру комитеті») жүктеледі.

3. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

3.1. Жарыстың өтетін күні мен уақыты:

- 1-ші апта - 10-16 тамыз;
- 2-ші апта - 17-23 тамыз;
- 3-ші апта - 24-30 тамыз;
- 4-ші апта – 31 тамыз – 06 қыркүйек.

Уақыт – қалауыңызға қарай.

3.2. Өткізу орны: Алматы қ., қатысушы таңдаған орын.

4. ҚАШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ

4.1. Жарыс бағдарламасына енгізілгені:

- 1-ші апта – 5 км жүгіру;
- 2-ші апта – 7 км жүгіру;
- 3-ші апта – 10 км жүгіру.

4.2. ЖАС САНАТТАРЫ

4.2.1. 18 жастан бастап – барлық қашықтықтар үшін.

4.3. Жарысқа тіркелу кезінде Жарыс өткізілетін күнге қатысушының толық жас саны ескеріледі.

4.4. Апта сайынғы нәтижелер жазып алынатын болады. Жалпы төрт апталық жарысты 1 апта ішінде немесе басқа регламенттелмеген мерзімде жүгіріп өту — нәтиже ретінде есептелмейді.

5. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ

5.1. Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымдастыру комитеті өтейді.

5.2. Жол жүру, орналастыру және тамақтану шығындарын іссапарға жіберуші ұйымдар немесе қатысушылардың өздері өтейді.

6. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

6.1. Мәреге жеткен барлық қатысушылар, төрт қашықтықтың әрқайсысы үшін «Алматы марафонының» өнімдеріне 5% жеңілдік алады.

6.2. Жеңілдіктер жинақталуы мүмкін. Осылайша, төрт апталық жарыс үшін берілуі мүмкін ең жоғары жеңілдік 20% құрайды.

6.3. Қашықтықты жүгіріп өткенін растау үшін, www.almaty-marathon.kz сайтындағы жеке кабинетте нәтижесі көрсетілген жүгіру трекерінің скриншотын жүктеу керек

6.4. Жеңілдікті «Алматы марафонының» интернет-дүкенінен онлайн тәртібінде сатып алуды ресімдеу кезінде пайдалануға болады.

6.5. Жеңілдік интернет-дүкеннің барлық қолжетімді ассортиментіне қатысты қолданылады.

6.6. Тауар саны шектеулі.

7. ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ЖІБЕРУ ШАРТТАРЫ

7.1. Қатысушыларды тіркеу www.almaty-marathon.kz сайтында келесі кезеңдерде жүзеге асырылады:

1-ші апта — 10-12 тамыз*;

2-ші апта — 17-19 тамыз*;

3-ші апта — 24-26 тамыз*;

4-ші апта — 31 тамыз - 02 қыркүйек*.

* Тіркелу көрсетілген күнге дейін немесе қатысушылардың жалпы саны 1000 адамға жеткен сәтке дейін жалғасады.

7.2. Онлайн-тіркелу рәсімінен өткен қатысушы тіркелген болып саналады. Қатысу тегін.

7.3. Тіркелу арқылы қатысушы Жарыстың ережелерімен келіседі.

7.4. Жарысқа қатыса отырып, қатысушы қашықтықты жүгіріп өтумен байланысты барлық тәуекелдерді өз мойнына алады. Денсаулығыңыз нашар болса немесе жайсыздықты сезінсеңіз, жарысқа қатыспағаныңыз жөн болады.

7.5. Онлайн жүгіруге қатысушы өзімен бірге медициналық бетперде алып жүріп, адамдар көп жиналатын жерлерден өтіп бара жатқан кезде тағуға міндеттенеді. Қатысушы маршруттан өту кезінде жеке гигиена және қауіпсіздік ережелерін сақтауға, сондай-ақ айналадағылардың денсаулығына қамқорлық жасауға міндеттенеді.

8. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӘРАТ-ТАЛАПТАР

8.1. Наразылықтар Ұйымдастыру комитетіне беріледі және судьялар алқасы тарапынан қаралады.

8.2. Қатысушы іс-шара аяқталғаннан кейін 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде кінәрат-талап білдіруге құқылы.

Шағымдар info@almaty-marathon.kz электрондық мекенжайына жіберіледі

Кінәрат-талап беру кезінде келесі деректерді көрсету қажет:

- тегі мен аты (жасырын өтініштер қаралмайды);
- кінәрат-талаптың негізгі мәні;
- * кінәрат-талаптың негіздемесі (фотосурет, жеке секундомер, субъективті пікір және т.б.).

8.3. Ұйымдастыру комитеті наразылық немесе кінәрат-талап берілген сәттен бастап 24 сағат ішінде ресми жауап дайындап, оны кінәрат-талап берілген электрондық мекенжайға жібереді.

8.4. Кінәрат-талаптар тек қатысушылардан ғана қабылданады.

9. АҚПАРАТТЫҚ КӨЗДЕР

Іс-шара туралы толық ақпарат www.almaty-marathon.kz сайтында, сондай-ақ келесі әлеуметтік желілердің аккаунттарында орналастырылған:

vk.com/almatymarathon

facebook.com/almatymarathon

instagram.com/almatymarathon

t.me/almaty_marathon

Басқа ақпараттық ресурстардағы ақпарат үшін жарыстың Ұйымдастыру комитеті жауап бермейді.

Осы регламент жарысқа қатысу үшін ресми шақырту-шақыру болып табылады.